

Ақша жүйесінің құқықтық негіздері

1. Ақша түсінігі мен функциялары
2. Ақша жүйесінің ұғымы, қағидалары және элементтері
3. Валюталық реттеу міндеттері мен әдістері.
4. Валюталық операциялардың ерекшеліктері

Әдебиеттер:

1. «Ақша төлемі мен аударымы туралы» ҚР-ның Заңы. 29.06.1998
2. «Валюталық реттеу және бақылау туралы» ҚР-ның Заңы. 13.06.2005
3. ҚР-ның Ұлттық Банкі туралы ҚР-ның 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 Заңы
4. Худяков А. И. Финансовое право РК. Общая часть. – Алматы: Жеты жаргы, 2001.
5. Найманбаев С. М. Финансовое право РК. Общая часть. – Алматы: Норма - К, 2003.

Ақша жалпыға бірдей балама ретінде барлық басқа тауарлардың құнын көрсететін ерекше тауар. Ол барлық тауар өндірушілер, сатушылар, тұтынушылар арасындағы экономикалық байланысты қамтамасыз етеді.

Ақша – қоғамдық еңбек бөлінісі арқылы жекелеген тауар өндірушілерді және нарықты ортақ экономикалық организмге біріктіруші айналыс құралы. Ол жеке меншік еңбекті қоғамдық еңбек жүйесіне қосады, тауар өндірушілер арасындағы айырбастың баламалығын қамтамасыз етеді.

Ақша тауар өндірісі мен тауар айырбасының тарихи дамуы нәтижесінде пайда болды.

Ақша бірнеше қызметтер атқарады:

- құн өлшемі;**
- айналыс құралы;**
- төлем құралы (есеп айырысу);**
- қазына жинау құралы;**
- дүниежүзілік ақша.**

Ақша өнімді шығаруға кеткен шығынды өлшеуге, еңбекті сан және сапа жағынан бақылауға мүмкіндік береді.

Ақшаның құн мөлшері қызметі деп оның өзінен басқа тауарлардың құнын анықтау қабілетін айтады.

Ақша жүйесінің құқықтық негіздері еліміздің ақша жүйесін, соның ішінде ұлттық валюта жүйесін белгілейтін, сондай-ақ оның қоғам мен мемлекет мүдделеріне сай тиісінше қызмет атқаруын қамтамасыз ететін қаржылық құқықтың институты болып табылады.

Осы институт реттейтін объект:

- ақша жүйесінің құрылымы;
- ақша жүйесін ұйымдастырудың қаржылық құқықтық аспектілері;
- валюталық реттеу сияқты үш элементтен көрініс табады.

Ақша жүйесі деп, елде белгілі бір тарихи жағдайда қалыптасқан және қабылданған заңдарға сәйкес, мемлекеттің ақша айналысын ұйымдастыру нысанын айтады.

ҚР ақша жүйесі 1995 жылы 30 наурыздағы N 2155 Заңы “ҚР Ұлттық банк туралы” ҚР заңына сәйкес ұйымдастырылады.

Аталған Заңның 7- тарауы ақша айналысын ұйымдатыру негізін және формаларын белгілейді, онда ресми ақша бірлігі, ақша белгілерінің эмиссиясы, сонымен қатар монеталарды жасау тәртібі, ақша айналысын ұйымдастыру және реттеу тәртіптері қамтылады.

Ақша жүйесінің элементтері:

- **ресми ақша бірлігі**, яғни елде қабылданған ақша өлшемі (теңге, сом, доллар және т.б.);
- **ақша белгілерінің түрлері**, ақша белгілері номиналы мен ақша массасының ұйымдастырушылық құрлысы.
- **ақшаны эмиссиялау тәртібі**, яғни ақша мен бағалы қағаздарды шығару (мысалы, ҚР-Ұлттық банк, Ресейде - Орталық банк және т.б.);
- **валюталық айналым режимі**, айналымда заңды төлем құралы болып саналатын - несие қағаз ақшалар, айырбас монеталар жүйесі;

- **ақша айналымын ұйымдастыру**, яғни ақша айналысын реттейтін мемлекеттік мекемелер.
- **баға масштабы**, яғни елде қабылданған ақша бірлігі мен оның құрамындағы ақша металының салмақ мөлшері (мысалы, бір сом 100 тиыннан құралады, ал 1960-80 жылдары бір руб. 0,987672 г. алтынға теңестірілді);
- **валюта бағамы** ресми белгіленеді.

Ақша белгілерінің түрлері:

- а) қағаз ақшалар — әр елде әртүрлі атаулары бар купюралар;
- б) құны әртүрлі және қоспасы әртүрлі металл ақшалар

Ақша жүйесінің түрлері:

- а) ақша рөлін тауар орындайтын ақшаларға негізделген жүйе (алтын, күміс және т.б.).
- б) құн белгісі ретіндегі ақшаларға негізделген жүйе (қағаз және тиын ақшалардың айналымы).

Металл ақшалардың айналыс жүйесі өзінің тарихи дамуында **биметализм** және **монометализм** дәуірін бастан өткерді.

Биметализм ақша ретінде екі металды - алтын мен күмісті (XVI-XIX ғ.) пайдалануға негізделді.

Монометализм ақша ретінде тек қана алтынды пайдаланды және несие ақшалар оған еркін айырбасталатын болды.

Монометализмнің - үш түрі қалыптасты:

- 1)** алтын монеталық стандарт (1821 жылдан б.д. соғысқа дейін) айналыста алтын монеталардың жүруімен сипатталады, қағаз және несие ақшалар алтынға еркін айырбасталды.
- 2)** құйма алтын стандарты (б.д.соғыс жылдары Англия мен Францияда) алтын стандарты құймасына сәйкес келетін, құн рәміздерін алтынға айырбастауды жүзеге асырды (м, егер картинаның бағасы бір грамм құйма алтынның бағасына сәйкес болса, онда картина 1 грамм құйма алтынға айырбасталатын болды).
- 3)** алтын таңбалы (алтын девизи) стандарт (XX ғ. 20-30 жж.) алтынға алмастырылатын шетелдік валюталарды (девиздерге) банкноттарды айырбастауды жүзеге асырды.

Ақша жүйесін қамтамасыз ету шаралары:

- 1) Мемлекет ақша белгілерінің жалғыз
занды эмитенті тәртібін орнату;**
- 2) Мемлекетпен эмитеттелген ақша
белгілерін “занды төлем құралы” ретінде
жариялау;**
- 3) Барлық тұлғаларды ақша белгілерін
айналымда пайдалануға мәжбүрлеу, яғни
мемлекеттің барлық аумағында, төлем
түрлерінде қолдану.**

- 4) Мемлекет қазынасына салықтарды қоса барлық төлемдер және қазынадан бөлінетін барлық ақшалар мемлекеттік ақша белгілерінде болуы тиіс;
- 5) Заңмен белгіленген жағдайлардан басқа, төлем ретінде шетел валютасын пайдалануға тыйым салу;
- 6) Ақша айналымын қаржылық-құқықтық құралдармен реттеу.

Ақша айналымы – тауарлар айналымы, сонымен қатар тауарлық емес төлемдер мен есеп айырысуды қамтамасыз ететін ақшалардың қолма-қол және қолма-қол емес қозғалысы.

Қолма-қол ақша айналымы қағаз және металл ақшалардың қызмет етуі, қолма-қол емес ақша айналымы – банкілік шот, чек, несие карточкалары және т.б.

Қағаз ақшалардың дербес түрде ұзақ уақыт бойында айналуы мүмкін емес, сондықтан да олармен қатар несиелік ақшалар жүреді.

Несие ақшалардың негізгі түрлері:

Вексель – бұл мерзімі жеткен соң вексель иесіне вексельде көрсетілген соманы қарыз алушыдан төлеуді талап ету құқын беретін жазбаша түрдегі қарыз міндеттемесі.

Чек – бұл шот иесінің чек ұсынушының шотына чекте көрсетілген ақша сомасын қолма қол төлеу және аудару туралы банкке берген жазбаша бұйрығы.

Несие карточкалары (электронды ақшалар). Чектердің жаппай таралуы банктердің оларды өңдеу қиыншылықтарын тудырады. Сондықтан чектермен қатар пластикалық карточкалар пайда болады

Мемлекет ақша жүйесінің дұрыс қызмет етуін қамтамасыз ету мен тиімділігін арттыру мақсатында мынадай қаржылық құралдарды пайдаланады:

Деноминация - айналымдағы ескі ақшаларды белгілі бір арақатынасты сақтай отырып, жаңадан шығарылған ақшаларға айырбастау.

Нулификация – ақшалардың құнының бірден жойылуы, жарамсыз деп танылуы.

Девальвация – айналымдағы ақшаның бағалылығын, яғни валюталық бағамды төмендету б.т.

Ревальвация – валюталық бағамды басқа елдердің валюта бағамына байланысты етіп жоғарлату, көтеру.

Дефляция – айналымдағы басы артық ақшаларды алып тастау.

ҚР ақша жүйесінің белгілері:

- Қағаз және металл ақшаларға негізделген;
- Ақшалардың жалғыз эмитенті ҰБ;
- Эмиссиялық орган банк болғандықтан қағаз ақшалар тек бір ақша белгісі банкнота түрінде болады;
- Металлдарға айырбастау мүмкіндігімен қамтамасыз етілмеген;
- Режиміне байланысты ұлттық валюта ішінара конверцияланады – республика аумағында теңгені шетел валютасына ауыстыру мүмкіндігі;
- Республика аумағында бағалы тастар мен бағалы металлдармен ішкі және сыртқы нарықта мәміле жасауда белгілі шектеулер қойылған.

Валюталық реттеу — бұл мемлекеттің валюталық операциялар жүргізу тәртібін бекітуі.

Валюталық реттеу мемлекеттің қаржылық қызметінің маңызды бағыты болып табылады.

Қазіргі уақытта валюталық мәселелерге арналған негізгі құқықтық акт 2005 жылғы 13 маусымдағы **“Валюталық реттеу мен бақылау туралы” ҚР Заңы б.т.**

Валюталық реттеудің мақсаты тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттің саясатына жәрдемдесу болып табылады.

Валюталық реттеудің міндеттері:

- 1) ҚР валюталық құндылықтардың айналысының тәртібін белгілеу;
- 2) ҚР - ның дүниежүзілік экономикаға одан әрі кірігуі үшін жағдайлар жасау;
- 3) валюталық операциялар мен капитал легі жөніндегі ақпараттық базаны қамтамасыз ету болып табылады.

Валюталық реттеудің объектісі

валюталық құндылықтар және олармен операциялар (валюталық операциялар) жүргізу б.т.

Валюталық құндылықтар:

- шетел валютасы;**
- номиналы шетел валютасымен көрсетілген бағалы қағаздар және төлем құжаттары;**
- резидент еместер шығарған номиналы жоқ бағалы қағаздар;**
- тазартылған құйма алтын;**
- резиденттер мен резидент еместер арасында, сондай-ақ резидент еместер арасында олармен операциялар жасалған жағдайда қолданылатын, ұлттық валюта, номиналы ұлттық валютамен көрсетілген бағалы қағаздар және төлем құжаттары;**
- резиденттер мен резидент еместер арасында, сондай-ақ резидент еместер арасында олармен операциялар жасалған жағдайда қолданылатын резиденттер шығарған, номиналы жоқ бағалы қағаздар;**

ҚР заңнамаларына сәйкес валюталық операцияларға мыналар жатады:

- валюталық құндылықтарға меншік құқығының және өзге де құқықтардың ауысуына байланысты операциялар, сондай-ақ валюталық құндылықтарды төлем құралы ретінде пайдалану;

- валюталық құндылықтарды, ұлттық валютаны, номиналы ұлттық валютамен көрсетілген бағалы қағаздарды және төлем құжаттарын, резиденттер шығарған, номиналы жоқ бағалы қағаздарды ҚР-на әкелу, жіберу және аудару, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан әкету, жіберу және аудару;

ҚР заңнамалары валюталық операцияларды екі түрге бөледі:

- ағымдағы валюталық операциялар;**
- капитал қозғалысымен байланысты валюталық операциялар.**

Ағымдағы валюталық операцияларға қысқа мерзімді (180 күннен төмен мерзімді) және маңызы төмен операциялар жатады.

Капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларға ұзақ мерзімді (180 күннен жоғары мерзімді) және маңызы операциялар жатады.

*В валюталық операциялар кімнің жүзеге асыратынына байланысты түрлі реттеу сипатына ие. Бұған орай заңнама валюталық қатынастардың екі түрлі субъектісін ажыратады: **резиденттер** яғни елдегі тұрақты тұрғылықты жері бар тұлға және **резидент емес**тер.*

Валюталық реттеудің негізгі құқықтық нысандары:

- Нормативтік құқықтық актілер шығару (бұнда көбін ҰБ актілері құрайды);
- Жеке құқықтық актілер шығару (мысалы белгілі тұлғаға валюталық операцияларды жүзеге асыру құқығына рұқсат беру).

Валюталық реттеудің негізгі әдістері:

- 1) белгілі мүлікті валюталық құндылыққа жатқызу;
- 2) айқындалған мүлікті мемлекеттің валюталық монополиясының объектісіне жатқызу осы объектілермен мәмілелерді жүзеге асыруға хақылы құзыретті мемлекеттік органдарды белгілеу;
- 3) валюталық операцияларды жүзеге асыру ережелерін белгілеу;
- 4) айқындалған валюталық операцияларды жүзеге асыруға тыйымдар мен шектеулерді белгілеу;
- 5) валюталық операцияларды жүзеге асырумен байланысты қызметтерді лицензиялау;
- 6) валюталық операцияларды жүзеге асыруға рұқсатта беру және оларды тіркеу;
- 7) валютамен жасалынатын операцияларға бақылау жүргізу;

Валюталық реттеу органдары:

1. ҚР- да валюталық реттеудің негізгі органы ҚР Ұлттық Банкі болып табылады.

2. ҚР Үкіметі және өзге де мемлекеттік органдар валюталық реттеуді өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

ҚР ҰБ және ҚР Үкіметі Заңға сәйкес өз құзыреті шегінде резиденттер мен резидент еместер үшін міндетті нормативтік құқықтық актілер шығарады.

Валюталық реттеу органдары әзірлеген валюталық реттеу мәселелері жөніндегі НҚА ҚР ҰБ міндетті түрде келісілуге тиіс.

ҚР Ұлттық Банкі валюталық реттеудің негізгі органы ретінде:

- 1) шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібін және оған қойылатын талаптарды;
- 2) резиденттер мен резидент еместердің валюталық операцияларды жүзеге асыру тәртібін, соның ішінде валюталық реттеу режимдерін:
 - лицензиялауды;
 - тіркеуді;
 - хабардар етуді;
- 3) ҚР аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюталық операцияларына мониторингті (валюталық мониторингті) жүзеге асыру тәртібін;
- 4) уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша олардың құзыретіне сәйкес барлық резиденттер мен резидент еместердің орындауы үшін міндетті валюталық операциялар бойынша есепке алу және есептілік нысандарын белгілейді.

Валюталық реттеудің маңызды бағыты валюталық бақылау б.т.

Валюталық бақылаудың мақсаты ҚР-ның резиденттері мен резидент еместер валюталық операциялар жүргізген кезде олардың ҚР-ның заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

ҚР-да валюталық бақылауды ҚР-ның Ұлттық Банкі, ҚР-ның заңдарында белгіленген өкілеттіктері шегінде өзге де мемлекеттік органдар (валюталық бақылау органдары) және валюталық бақылау агенттері жүзеге асырады.

Валюталық бақылаудың міндеттері:

- 1) жүргізілетін валюталық операциялардың ҚР-ның заңнамасына сәйкестігін айқындау;
- 2) валюталық операциялар бойынша төлемдердің негізділігін және оларды жүзеге асыруға қажетті құжаттардың болуын тексеру;
- 3) валюталық операциялар бойынша есепке алу мен есептіліктің толықтығын және объективтілігін тексеру болып табылады.

Валюталық бақылау органдары мен агенттері өз құзыреті шегінде резиденттер мен резидент еместердің ҚР-да жүргізетін валюталық операцияларына осы операциялардың ҚР-ның заңнамасына, лицензиялардың шарттарына, тіркеу және хабарлама талаптарына сәйкес келуі бөлігінде бақылауды жүзеге асыруға міндетті.